Сапа %				60,63%

Орындаған: ДБЖЖО А.Тунгатаева

Анықтама

2024-2025 оқу жылының III тоқсан үлгерім қорытындысы

Бастауыш сынып қазақ сыныптары

мекеме №	сыныптар	оқушы саны	қазақ тілі	әдебиеттік оқу	математика
№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп лицей		III тоқсан	III тоқсан	III тоқсан	III тоқсан
		137	71	70	62
	2-сыныптар	149	64	69	70
	3-сыныптар	148	64	67	69
	4-сыныптар		4	4.	4
	орта балы				
	жалпы білім сапасы 2-4 сыныптар	434	66%	68%	68,6%

2024-2025 оқу жылының III тоқсан үлгерім қорытындысы

Бастауыш сынып орыс сыныптары

мекеме №	сыныптар	оқушы саны	қазақ тілі	әдебиеттік оқу	математика
№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп лицей		III тоқсан	III тоқсан	III тоқсан	III тоқсан
		106	77,3	81,1	77,3
	2-сыныптар	114	69,3	71	77,2
	3-сыныптар	143	69,9	79	73,4
	4-сыныптар		4	4.	4
	орта балы				
	жалпы білім сапасы 2-4 сыныптар	363	72%	77%	75,70%

Ұсыныс: пайыздары төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша сабақ беретін пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру;Пән мұғалімдеріне оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, ынталандыру үшін сабақты түрлендіріпөткізуді жүктеу; Әр баланы тұлға ретінде тәрбиелеу мақсатында ата-ана мен сынып жетекші тарапынан қолдау көрсету

орындаған: Турашева Д.К

2024-2025 оқу жылындағы №15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп-лицейінің II ауысым бойынша

III-тоқсандық қорытынды есебі

Сыныптар	Оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Орта балы	Білім сапасы	Ескерту
5А	25	15	9	4,8	96	
5Ә	25	6	13	4	76	
5Б	28	15	12	4,6	96	
5В	23	1	10	3,8	48	
5Ж	24	2	6	3,6	34	
5Г	24	3	16	4,1	79	
5Д	24	3	15	4,1	75	
5Е	26	1	13	3,8	54	
5И	25	2	12	4	56	
5К	24	3	9	3,8	50	

Сыныптар	Оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Орта балы	Білім сапасы	Ескерту
6А	21	15	5	4,6	95	
6Ә	24	0	9	3,6	38	
6Б	21	8	12	4,7	95	
6В	24	1	4	3,6	21	
6Ж	25	0	9	3,6	36	
6З	23	2	7	3,8	39	
6К	22	2	7	3,7	41	
6Г	25	6	14	4,2	80	
6Д	21	4	14	4,2	85	
6Е	27	1	11	3,7	44	
6И	25	1	10	3,7	44	

Сыныптар	Оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Орта балы	Білім сапасы	Ескерту
7А	20	3	13	4,1	80	
7Ә	27	3	12	4	56	
7Б	24	4	12	4,1	67	
7В	27	3	11	3,7	52	
7З	27	4	9	3,8	48	
7К	26	2	7	3,5	35	
7Г	23	2	14	4,2	70	
7Д	25	4	13	4,2	68	
7Е	26	3	9	3,8	46	
7И	25	0	9	3,5	36	
7Л	24	0	9	3,5	37	

№	Сыныптар	Оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Орта балы	Білім сапасы	Ескерту
	5	249	51	116	4	67	
	6	260	40	103	4	55	
	7	274	28	118	4	53	
Барлығы		783	119	337	4	59	

Орындаған: ДОЖКО Ж. Тыбужиева

28.03.2025 ж

5.

Анықтама

Күн тәртібіндегі мәселе: Қиын қиынға бейім оқушылармен сынып жетекшілер мен мектеп психологтарының жұмысына бақылау бойынша есеп

Тәртібіне байланысты ішкі істер басқармасында және мектепішілік есепте төмендегі оқушылар тұрады.

№	Есепке алынған оқушының аты-жөні	Сыныбы	Сынып жетекшісі	Есепке алыну себебі	Есепке алынған
1	Қожабек Нұрқанат	10Д	Торжанова Ж.А	Құқықбұзушылық	РОВД, мектепішілік
2	Джаппаорв Рамазан	11Д	Төлегенқызы Б	Құқықбұзушылық бұзақылық	РОВД, мектепішілік
3	Төрегелді Ғалымжан	11Д	Төлегенқызы Б	Құқықбұзушылық бұзақылық	РОВД, мектепішілік
4	Сүндетқали Ердаулет	10В	Ибрагимова А	Құқықбұзушылық бұзақылық	Мектепішілік
5	Волосюк Злата	9Г	О.Орлова-Зинкина		Мектепішілік
6	Сапархан Алмат	9Ә	Қаработа Ш	Құқықбұзушылық	Мектепішілік
7	Бабкова Камила	8Е	Нурманова М		Мектепішілік

Есепке алынған оқушылар бойынша сынып жетекшілері мен мектеп психологтары есепке алынған күннен бастап арнайы тіркеу журналдарын арнап оқушылардың күнделікті тәртіптері жазылып отырады. Мектеп ппсихологтары оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп,анкеталар алынып отырған. Сынып жетекші мен мектептің әлеуметтік педагогы тарапынан үй-жай актісі жасалып, оқшылардың отбасындағы жағдайына зерделеу жасалған. Есепке алынған оқушылар үйірмелерге тартылып жұмыстар жүргізіліп келеді.

Шешім: Есепке алынған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу жалғастырылсын.

ДТЖЖО Д.Асанова

6. Тәрбие жұмыстарының ұйым-
дасуы.

Д.И.Менделеев атындағы № 15 мектеп-лицейінің директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Жабишеваның 2024-2025 оқу жылындағы 1 тоқсан бойынша 5 сыныптардың орта буынға бейімделуі туралы анықтамасы

Мектеп оқушыларының өмірінде 5- сынып бейімделу кезеңі өте өзекті. Оқушы үлкен өмірге өтіп,балалықпен қоштасады. Орта мектепте оқыту түбегейлі өзгеріске ұшырайды: балалар негізгі мұғалімнен сынып жетекші немесе таныс емес пән мұғалімдері жүйесіне, жиі кабинеттік жүйеге, жаңа пәндерге,қосымша жүктемелерге ауысады.Алайда барлығына үйрену керек!

Осының барлығы оқушыдан өзін-өзі басқаруды,көңіл бөлуді талап етеді. 5-сынып оқушыларына психологиялық қолдауды талап етеді, себебі ол балалық пен жасөспірім кезеңінің қажетті көпірі. Сондықтан бағдарлама бойынша құрылғагн психология сабақтары жеке тұлғаның жаңа ортада, «үлкендер ортасында» дамуы және орта буындағы тәртіп ережесіне жеңіл қалыптасуына бағытталған. Психологиялық бейімделу бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құралған. 10-11 жастағы балалар аңқау, ашық алаңсыз келеді. Өзі және басқа туралы ойларын жасырмай,бүкпесіз айтып береді. Орта буында « Үлкен болып кеттім» деген сезіммен үнемі ел көзіне түссем, мені көрсе , маған барлығы көңіл бөлсе деген қызығушылық, таң қалдыру сияқты сезімдер байқалады. Олар әлі ойын баласы, бір жағдайдан екінші жағдайға еркін ауысады, жақсы-жаман рольдерге тез енеді, еркелеу, сынып жетекшіге жабысқақ, невротизмнің белгілері байқалады. Сондықтан бағдарлдамада этика тақырыптары театрлық көріністерді қолдану арқылы беріледі. Сабақтарда жақтайтын, жақтамайтын әдеп нормаларын айқындайтын ситуациялық жағдаяттар беріледі. Көзімен көріп, сезіне отырып, әр оқушы қоршаған орта, ұжым туралы жеке тұжырым жасап, үйрекнеді. Мысалдар арқылы мінез-құлық,сезім , эмоция, мінез сияқты құбылыстарға түсініктеме беріліп отырады. Бағдарламада қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынасқа аса көңіл бөлінген, себебі осы жастағы ұл балалар «қызсың, қыздарша» деген жаман ойлармен қыздарды жақтырмаса, ал қыздар өзгеріп сыныптас ұлдарын менсінбеуге,көңіл бөлмеуге бейім келеді.Осы кезеңдерде алаңдаушылық деңгейі басым болады, жаңа пән мұғалімі алдында жауап бере алмау немесе барлығына үлгеріп, жан-жақтылы болып көріну сияқты өзгерістер білім сапасының түсуіне , уақытылы сабаққа қызығушылықтың әлсіреуіне әкеліп соғады. Мектеп психологінің мақсаты бала ьойындағы үрейді игерту, өзіне деген сенімділікті арттыру, өз уақытын тиімді пайдалануға көмек көрсету. Бағдарламада баланың 5 сыныпқа үйренісуі бойынша топтық жеке жұмыстар жоспарланған. Жаңадан қосылған пәндер жаралыстану, тарих т.б пәндер оқушыларға қиындық туғызуда. 4 сыныптың соңында үздік бағамен бітірген оқушщыларды мектеп лицейінің Уставына сәйкес лицей сыныптарына іріктеліп жиналды. 5 А,Б қазақ лицей сыныбы, 5Г,Д орыс лицей сыныбы.

Орта буынға жалпы 5сынып бойынша 10 сынып келді , оның ішінде 5 қазақ сыныптары (5а.5ә,5б,5в,5ж) 5 орыс сыныптары (5г,5д,5е,5и,5к) бар.1тоқсан қорытындысы бойынша 249 оқушының ішінен 39 үздік , 116 екпінді оқушылар шықты.

Қаулы:

1. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында сынып жетекшілермен бірге пән мұғалімдері бірлесе жұмыс жүргізсін;

2. Орта буынға оқушылардың толық бейімделіп кетуіне ата-ана мен сынып жетекші тығыз байланыста жұмыс жасасын.

3.Мектеп жанынан ашылған сабаққа үлгермейтін оқушыларды ата-аналарының рұқсатымен қосымша сабаққа қатыссын.

Анықтама

Д.И. Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінің 2024 жылғы 17 желтоқсан айында 5-8,10 сынып лицей алды,лицей сыныптарынан жаратылыстану-математика бағыты бойынша қысқы сессия алынып,хаттама толтырылды.Хаттама нәтижесі бойынша лицей алды,лицей сыныптары , бейіндік пәндері бойынша 10-сынып төмендегі көрсеткішті көрсетті.

Қ/с	Сынып	Пәндер	Оқушы саны	Пайыз	Пән мұғалімі
1	5а	Математика	24/22	54,5%	Д.Жамалова
2	5а	Жаратылыстану	24/22	81,8%	А.Тотаева
3	5 б	Жаратылыстану	28/28	78,5%	Ж.Абилхайрова
4	5б	Математика	28/28	46,4%	А.Батан
5	5 г	Математика	24/23	26%	З.Сермурзаева
6	5г	Естествознание	2423	43,4%	Т.Тлеуов
7	5 д	Естествознание	24/23	34,7%	Т.Тлеуов
8	5д	Математика	24/23	34,7%	З.Сермурзаева
9	6а	Математика	22/22	36,4%	Ж.Байдыбек
10	6а	Жаратылыстану	22/22	86,36%	Т.Тлеуова
11	6б	Жаратылыстану	22/22	72,72%	Г.Баймуратова
12	6б	Математика	24/23	52%	М.Қадірберген
13	6 г	Математика	25/24	54%	С.Жумабекова
14	6г	Естествознание	25/24	66,6%	Л.Фахрутдинова
15	6 д	Естествознание	21/21	33,3%	Л.Фахрутдинова
16	6д	Математика	21/21	42%	С.Жумабекова
17	7а	Химия	23/23	52%	К.Дабыс
18	7а	Алгебра	23/23	52%	Ж.Ержигитова
19	7б	Алгебра	24/24	29%	А.Нышанбаева
20	7б	Биология	24/24	87%	Г. Баймуратова
21	7г	Химия	24/24	41,64%	Л.Фахрутдинова
22	7г	Алгебра	24/24	37,5%	Е.Ищанова
23	7д	Алгебра	25/25	56%	Е.Ищанова
24	7д	Биология	25/25	88%	О.Орлова-Зинкина
25	8а	Химия	20/20	40%	К.Дабыс
26	8а	Алгебра	20/20	35%	А.Санаева
27	8б	Алгебра	22/22	18%	Д.Жамалова
28	8б	Биология	22/22	31,8%	М.Қалиев
29	8г	Химия	25/24	54,2%	Ю.Судьенкова
30	8г	Алгебра	25/24	41,6%	З.Сермурзаева
31	8д	Алгебра	25/25	32%	З.Сермурзаева
32	8д	Биология	25/25	32%	О.Орлова-Зинкина
33	10а	Химия	24/24	83%	Н.Изтаева
34	10а	Биология	24/24	75%	Ж.Аман
35	10г	Химия	30/30	13%	Ю.Судьенкова
36	10г	Биология	30/30	40%	О.Орлова-Зинкина
37	10б	Физика	29/29	48,3%	Г. Балабекова
38	10б	Биология	29/29	86,21%	Ж.Аман
39	10д	Физика	31/26	15%	А.Уразалиева
40	10д	География	31/26	57%	Ж.Торжанова

41	10в	География	23/22	45,4 %	Г .Сандыбаева
42	10в	Биология	22/22	68,18%	Н.Изтаева
43	10ж	Химия	23/23	60,86%	Ж.Аман
44	10ж	Биология	25/23	73,9%	Н.Изтаева

Сонымен қатар хаттаманың негізінде төмендегі оқушылар екі пәнненде төмен көрсеткіш көрсеткендіктен және жай сыныптан өтініш білдіріп жақсы көрсеткіш көрсеткен оқушылар жай сыныптан лицей сыныптарына,лицей сыныптан жай сыныптарға ауыстырылады.

№	**Оқушының аты-жөні**	**Сыныбы**	**Ауысатын сыныбы**
1	Қалдыбай С	5ә	5б
2	Швец Р	5д	5и
3	Оңласын Р	6б	6в
4	Полат Н	6б	6в
5	Лысаков М	6д	6е
6	Нурмаханбет	6д	6и
7	Сейтбек А	7а	7ә
8	Ерман С	8б	8е
9	Қамбар Ө	8б	8ж
10	Құрманбек М	8б	8ж
11	Нұрдаулет Н	8б	8ж
12	Серікбек Д	8б	8ж
13	Устемиров М	8б	8ж
14	Жұмабай Д	8ж	8б
15	Гайратов Д	8д	8и
16	Исабаева А	8ж	8а
17	Бидайбеков Б	8а	8ж
18	Төрегелді Б	8а	8ж
17	Том	6и	6д

Шешімі:қысқы сессияға өтініш білдіріп жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар лицей ,лицей алды сыныптарына, лицей сыныптарынан екі пәнненде төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар жай сыныптарға ауыстырылсын.

ДБЖЖО: А. Тушатаева

2024-2025 оқу жылының II тоқсан үлгерім қорытындысы (қазақ бөлімі)

сыныптар	оқушы саны	қазақ тілі	әдебиеттік оқу	математика
	II тоқсан	II тоқсан	II тоқсан	II тоқсан
2-сыныптар	137	71	70	62
3-сыныптар	149	64	69	70
4-сыныптар	148	64	67	69
орта балы		4	4	4
жалпы білім сапасы 2-4 сыныптар	434	66%	68%	68.6%

2024-2025 оқу жылының II тоқсан үлгерім қорытындысы (орыс бөлімі)

сыныптар	оқушы саны	орыс тілі	әдебиеттік оқу	математика
	II тоқсан	II тоқсан	II тоқсан	II тоқсан
2-сыныптар	106	77,3	81,1	77,3
3-сыныптар	114	69,3	71	77,2
4-сыныптар	143	69,9	79	73,4
орта балы		4	4	4
жалпы білім сапасы 2-4 сыныптар	363	72%	77%	75,70%

Ұсыныс:

- пайыздары төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша сабақ беретін пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру;
- оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастыру, оқушыларға алдына мақсат қоя білуге және жетуге,қосымша материалдар табуға, ізденуге көмектесуге пән мұғалімдеріне жүктеу;
- пән мұғалімдеріне оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, ынталандыру үшін сабақты түрлендіріп өткізуді жүктеу;
- әр баланы тұлға ретінде тәрбиелеу мақсатында ата-ана мен сынып жетекшісі тарапынан қолдау көрсету;

Орындаған Турашева Д.К.

Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінің 2024-2025 оқу жылының үлгерім нәтижелері және тоқсан білім бойынша білім сапасы

Тоқсан	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Үлгерім %
1-тоқсан	**2 366**	**341**	**985**	**0**	**56%**	**100%**
2-тоқсан	**2 337**	**369**	**971**	**0**	**57,3%**	**100%**
3-тоқсан	**-**					
4-тоқсан	**-**					
Жылдық қорытынды	**-**					

Оқу үлгерімінің қорытындысы бойынша сапаны талдау

	1-тоқсан	2-тоқсан	3- тоқсан	4- тоқсан
		2-4 сынып		
Оқушылар саны	807	797	-	-
Үздіктер саны	176	210		
Екпінділер саны	377	367		
Сапа %	69%	72,66%		
		5-9 сынып		
Оқушылар саны	1 251	1 238		
Үздіктер саны	127	124		
Екпінділер саны	506	494		
Сапа %	50,2%	49,4%		
		10-11 сынып		
Оқушылар саны	308	302		
Үздіктер саны	38	35		
Екпінділер саны	102	110		
Сапа %	45,5%	48%		
		2-11 сынып		
Оқушылар саны	2 366	2 337		
Үздіктер саны	341	369		
Екпінділер саны	985	971		
Сапа %	56%	57,3%		

ДБжжО А. Тугитаева

Анықтама

Шымкент қаласы білім басқармасының 2024 жылдың 17 желтоқсан айындағы №121075 хатының негізінде «Ұстаз» платформасына педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы санаттаға педагогтар өз құжаттарын, жетістіктерін жүктеу керек. Осы хаттың негізінде мектепішілік бұйрық бекітіліп ,әрбір бірлестікке жауапты информатик мұғалімі бекітілді. Педагогтар қағаз портфолиосын 2024 жылғы 2 сәуір айындағы №72 бұйрықтың 2-қосымшасы реттеп,аттестацияның сараптамалық кеңес мүшелеріне тексертіп, бектілген информатик мамандармен бірлесіп жүктеу керек. Құжаттарының талапқа сай реттеу әр педагог жауапкершілігінде,оны дұрыс енгізу мектепішілік бұйрықпен бекітілген информатик пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Биылғы 2024-2025 жылы біліктілік санаттынан өтетін ,растайтын әрістестер ҚР Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 2 сәуір айындағы №72 бұйрықтың 2-қосымшасы бойынша жүргізілетіндігі ескертілді.

Шешімі: «Ұстаз» платформасына құжаттар дұрыс ,жүйелі енгізілсін.

ДБЖЖО: А. Тышгатаева

№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп-лицейіндегі сегізінші сыныптардың орта буыннан жоғары буынға бейімделуіне жүргізілген сауалнаманың нәтижесі 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: сегізінші сыныптардың жоғары буынға бейімделуін анықтау
Барлығы: 251
Қатысқаны:188
Зерттеу жүргізген: мектеп психологтары Мырзабекова Г.Р. Ескараева Н.Н.

№	Сұрақтар/ вопросы	Нұсқасы/ варианты	Сыныптар/ классы										Жалпы саны	%
			8а	8ә	8б	8в	8ж	8з	8г	8д	8е	8и		
			23/18	30/10	22/16	23/16	23/18	25/24	25/24	25/20	30/20	25/22		
1	Саған мектепте болу ұнайды ма?/ Нравится ли тебе учиться в школе?	Онша ұнамайды/ не очень	2	4	4	8	5	4	5	7	7	7	53	28,2
		Ұнайды / нравится	15	6	11	8	12	18	19	13	11	15	128	68
		Ұнамайды/ не нравится	1		1		1				2		5	2,6
2	Таңертең, ұйқыдан тұрғанда, сен мектепке көтеріңкі көңіл күймен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?/ Утром, когда ты просыпаешься, ты всегда с радостью идешь в школу или тебе часто хочется остаться дома?	Жиі үйде қалғым келеді/чаще хочется остаться дома	4	3	3	5	3	5	4	6	9	5	47	25
		Әр кезде әр түрлі болады/бывает по разному	11	6	11	9	14	15	17	9	10	17	119	63,3
		Көтеріңкі көңіл-күймен барамын/иду с радостью	3	1	2	2	1	4	3	5	1		22	11,7
3	Егер мұғалім ертең мектепке міндетті түрде барлық оқушының келуі тиіс емес десе, сен мектепке барар ма едің, жоқ әлде үйде қалар ма едің?/ Если бы учитель сказал, что завтра в школу не обязательно приходить всем ученикам, желающим можно остаться дома, ты пошел бы в школу или остался дома?	Білмеймін/ не знаю	5	5	6	3	4	5	7	1	5	11	52	27,6
		Үйде қалар едім/остался бы дома	5	2	5	5	7	15	13	10	9	8	79	42
		Мектепке барар едім/пошел бы в школу	8	3	5	8	7	4	4	9	6	3	57	30,3
4	Саған сыныптастарың ұнайды ма?/ Тебе нравятся твои одноклассники?	Ұнайды/да	15	8	14	11	13	18	20	17	10	14	140	74,5
		Онша емес/ не очень	3	2	2	5	3	6	4	3	6	8	42	22,3
		Ұнамайды/нет					1				4		5	2,6
5	Мектепте бірыңғай киім үлгісі болғанын қалайсың ба?/	Қалаймын/ да	7	7	8	8	4	7	2	9	2	3	57	30,3
		Онша емес/ не совсем	2	1	5	3	4	5	11	2	6	6	45	23,9

	Хотел ли бы ты, чтобы в школе была определенная единая форма?	Қаламаймын/ нет	9	2	3	5	10	12	11	9	12	13	86	45,7
6	Қай пән саған қиындық туғызады?/ Какой предмет у тебя вызывает наибольшие затруднения?	Қаз тілі							6			1	7	3,7
		Физика			1				3	4	3	2	13	6,9
		Химия	3	1	1	2	2	2	8	2			21	11,2
		Геометрия		4					1		2		7	3,7
		Алгебра	9		5	4	5	6		12	11	12	64	34
		Биология									1		1	0,5
		Тарих	1				1					1	3	1,6
		География								1			1	0,5
		Орыс тілі		3	2	1		1	3			1	11	5,8
		Тарих							1				1	0,5
7	Сенің сынып жетекшіңмен қарым-қатынасың?/ Твои отношения с классным руководителем?	Сенімділік/ доверительные	3	3	7	2	4	12	8	7	9	4	59	31,4
		Сыйлстық/ уважительные	15	7	9	14	14	12	15	13	11	18	128	68
		Сыйламау/ неуважительные							1				1	0,5
8	Аптаның соңында өзіңді шаршаңқы сезінесің бе?/ Испытываешь ли ты усталость в конце учебной недели?	Иә/ да	9	6	7	5	9	13	17	13	14	9	102	54,2
		Онша емес/ не совсем	6	2	6	7	4	8	7	5	5	10	60	31,9
		Жок/ нет	3	2	3	4	5	3		2	1	3	26	13,8

Қорытынды: Сегізінші сыныптардың орта буыннан жоғары буынға бейімделуіне байланысты жүргізілген диагностиканың нәтижесінде «Саған мектепте болу ұнайды ма?» сұрағына оқушылардың 68% «Иә» деп, «Онша ұнамайды» деп 28,2% жауап берді; «Саған сыныптастарың ұнайды ма?» сұрағына «ұнайды» деп 74,5% деп, «онша емес» деп 22,3% жауап берді; «Сенің сынып жетекшіңмен қарым-қатынасың» сұрағына, «Сенімділік» деп 31,4%, «Сыйластық» деп 68% жауап берді; «Аптаның соңында өзіңді шаршаңқы сезінесің бе?» сұрағына «Иә» деп 54,2%, «Онша емес» деп 31,9 % жауап берді.

Ұсыныс: Мектепте сабақтан тыс түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, сабақтар барысында оқушыларға сергіту жаттығуларын жүргізу.

Маргабекова Г.
Секараева Н.

Шымкент қаласының білім басқармасының
«Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицей»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Педагогикалық кеңесінің 3-отырысының хаттамасы

Шымкент қаласы
Өткізілген орны: мектептің мәжіліс залы

Күн тәртібінде:

2024-2025 оқу жылындағы НОБД электронды платформасында жүргізілген жұмыстар және BilimClass электронды журналында жүргізілген жұмыстар.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған мәселе бойынша мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Я.Муратов сөз алды. 2024-2025 оқу жылында НОБД электронды платформасында жүргізілген жұмыстары жайында толық ақпарат берді. Платформада көрсетілген педагогикалық персоналдың жеке ақпараттарын толықтырып, кеткен кемшіліктерін жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Сонымен қатар, BilimClass электронды журналында жүргізілген I жарты жылдың жұмыстары туралы да тоқталып өтті. Оқушылардың тоқсандық қорытында бағалары туралы сөз қозғалды. BilimClass электронды журналында енгізілген жаңа бағыттарын педагогикалық персоналға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
Педагогикалық персоналға:

- Сынып жетекшілердің сыныптарының тізімін электронды журналға дұрыс енгізілу туралы;

Шешім:

3. НОБД электронды платформасында 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін жұмыстар жоғары деңгейде жүргізілсін.
4. BilimClass электронды журналына 2024-2025 оқу жылындағы II тоқсандық қорытынды бағалары толығымен қойылсын.

ДОЖЖО Я.Муратов

Анықтама

№3 педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер

1. **І жарты жылдықта атқарылған тәрбие жұмысының есебі**
   Биылғы оқу жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024ж күнгі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іс-шара жоспары негізінде басталды. Сынып сағаттары, қауіпсіздік сабақтары мен іс-шаралар бағдарлама аясында өткізіліп келеді.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1. 1 қыркүйек – «Білім күні»
2. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
3. Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
4. Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
5. Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні
5 қазан – Мұғалімдер күні
24 қазан – Кітапханашылар күні
25 қазан – Республика күні

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер күні
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Қаулы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024ж күнгі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іс-шара жоспары негізінде жұмыстар жалғастырылсын.

пескене

Анықтама

1.ДТЖЖО мен әлеуметтік педагогтың бірлескен жұмыс жопарының І жарты жылдықтағы есебі

Мектептегі тәрбиесі қиын,сабақты бос жіберетін,құқық бұзуға бейім балалардың үйіне барып үй жағдайын зерделеу АКТі толтырылды.

8-10 сынып оқушылары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында лекциялар өткізілді.

Мектептегі қиын және құқықбұзуға бейім балалар арасында «Жасөспірім және заң » тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

.Оқушылармен жұмыс: (үйден оқитындарға)

Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу;

Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау;

Оқушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы,) диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізу.

Ата-аналар жиналысына жүйелі түрде қатысып отырды.

Қаулы: Бірлескен жоспар аясында іс-шаралар өз жалғасын тапсын.

Педкеңес.

1. 2024-2025 оқу жылының басында ата-аналардан үйден оқыту туралы 10 өтініш түсті. Оның 7-і бұрыннан келе жатқан оқушылар, ал 3-і уақытша денсаулығына байланысты қосылғандар.
2к. Бодрицкая Лунара (9.10-9.11 аралығы)
6 д Сотникова Алевтина (28.08-28.11)
9 "А" Жамбыл Аида (11.10-31.12).
Сабақтар уақытылы өткізілді; I жартыжылдықтың есебі алынды.

2. Желтоқсан айының соңында барлық оқушылардың іс қағазы тексерілді, ҰББД қорымен, алфавиттік кітаппен сәйкестелінді.
Барлық іс қағаз заңға сай толтырылған, кемшіліктер жойылған.

3. Қозғалыс I ж/ж соңында 2553 оқушы болды. Жылдың басымен салыстырсақ 39 оқушыға азайдық. Жылдың басында 2592 оқушы едік. Мектепке 59 оқушы келген, 98 оқушы кеткен.
бастауыш ~~қазақ~~ бөлімінде 9 оқушыға, 5-9 арасында 22 оқушыға, 10-11 арасында 8 оқушыға азайдық.
Үш сыныптың жетекшілері ауысты.
5 "И" сыныбына Надирбеков Б.С, 7Г сыныбына Шыназбаева А, 2 Б с. Аенова Ч.

Шешімі
1) Үйде оқыту бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Уақытша үйден оқытылғандардың бұйрығы шығарылсын.
2.
2) Жаңадан ауысқан сын. жет. құжаттар толық тапсырылсын.

3.

06.01.2025 ж.

Педкеңес.

1. 2024-2025 оқу жылында 7 үйден оқитын оқушы, 11 ерекше білімді қажет ететін (инклюзивник) оқушылар бар.

Биылғы оқу жылы 1 оқушы БТ аттестатымен бітіріп, оқуын тоқтатады. Ол Ефимов Михаил үйде оқитын оқушысы. Бұл оқушыны ПМПК кмсға ИОБДсынан шығару керек.

2. Жаңа 2025-2026 оқу жылына 10 сыныптан 5 сынып ашуға жоспарлап отырмыз. 2 орыс, 3 қазақ сыныбы. 19 маусымнан бастап құжат қабылданады. Ол үшін төмендегідей құжаттар өткізеді.

1. Өтініш
2. 3x4 сурет 2 дана
3. 0,75 медсправка және флюорография суретін (снимок)
4 Аттестат.

Оқу жылының соңында барлық сынып жетекшілер оқушыларына ескерткен

Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінің №2 педагогикалық кеңесінің анықтамасы

1)1-тоқсан бойынша білім сапасының нәтижесі

Тоқсан	**Оқушы саны**	**Үздіктер**	**Екпінділер**	**Үлгерушілер**	**Сапа %**	**Үлгерім %**
1-тоқсан	2364	341	986	1037	56,1	100%
Тоқсан	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгерушілер	Сапа %	Үлгерім %
2-4 сынып						
1-тоқсан	806	176	376	254	68,4	100%
5-7 сынып						
1-тоқсан	791	109	335	347	56,1	100%
8-11 сынып						
1-тоқсан	767	56	275	436	43,1	100%

2021\2022оқужылы		**2022\2023оқужылы**		**2023\2024оқу жылы**	
Үлгерім %	**Сапа %**	**Үлгерім %**	**Сапа %**	**Үлгерім %**	**Сапа %**
100%	48,84	100%	54,36	100%	58,42

Шешімі: жалпы пәндер бойынша 2-тоқсан білім сапасы көтерілсін

2)Ғылыми конкурстарға қатысудың нәтижелігі

2024 жылдың 02 қыркүйек айында мектепішілік №156 бұйрықпен «Жас ғалым» қоғамдық тобы бекітілген болатын. «Жас ғалым» тобы жоспарға сай жүргізілуде.

Шымкент қаласы Дарын орталығының 2024 жылғы 19 қыркүйек айындағы № 304 хатының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған 8-11 сынып оқушылар арасындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына 16 оқушы сұраныспен жіберілген болатын. Нәтижесінде 8 оқушы қалалық кезеңіне жолдама алды. Осы оқушылардың ғылыми жетекшілер оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізу керектігі ұсынылды.

Шешімі: жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына баратын оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Әртүрлі мәселелер:

1)2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың біліктілік санаттарының нәтижесі

Барлығы	Ұзартылғаны	Босатылғаны	Құлағаны	Ақысыз демалыста	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
50	1	1	1	1	1	20	8	17
					0	17	10	19

Ескертпе :Апелляциялық комиссия қарауында 6 педагогтың портфолиосы

Орындаған
ДБЖЖ орынбасары А.Тунгатаева

Әр түрлі мәселелер

1) Мектепішілік кезекшілік туралы

Мектеп-лицей директоры Ж.Саржанова сөз алды.Мектепішілік кезекшілік мектептің ішкі ережесіне сай бекіттілген. Мектепішілік кезекшіліктен зейнеткерлік жасқа 2 жыл қалған,18 апталық жүктілік кезіндегі және мектепішілік ақылы курсты жоспарлы жоғары деңгейде өткізген педагогтар босатылатыны ескертілді.

Шешімі : Мектепішілік кезекшіліктен зейнеткерлік жасқа 2 жыл қалған,18 апталық жүктілік кезіндегі және мектепішілік ақылы курсты жоспарлы жоғары деңгейде өткізген педагогтар босатылсын.

Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейіндегі мектепішілік есепке алынған және тәуекел тобындағы оқушылармен жүргізілген жұмыс нәтижесі

Мектебімізде осы жылы жалпы мектепішілік есепке 8е сынып оқушысы Бабкова Камила және 10д сынып оқушысы Қожабек Нұрқанат алынған. Бабкова Камила өмірдің қиын жағдайына тап болған жағдайға байланысты есепке осыжылы, ал Қожабек Нұрқанат тәртібіне байланысты өткен жылдан мектепішілік есепте тұрады. Бұл оқушыларды директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері және мектеп педагог-психологтары бақылауға алып, олармен жеке жұмыстар жүргізеді.

Оқу жылы басында аутоагрессияның алдын алу мақсатында оқушылардан диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде қобалжуы, ашушаңдығы, психологиялық күйі мен қоршаған ортаға негативті анықталған, өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушылар арнайы тізімге алынып, олармен түзету-дамыту жұмыстары жоспарланады. Әрі қарай сол жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар, оларға жеке және топтық кеңес беру жұмыстары өткізіледі. Кеңес беру жұмыстары келесідей тақырыптарды қамтиды:

-ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас;
-зиянды әрекеттерге әуесқой болуы;
-оқушының өзіндік бағалауының төмендеп кетуі;
-сабақтан себепсіз қалу;
-сабақ үлгерімінің нашарлауы;
-ашушаңдыққа бейім оқушылар;
-психикасында өзгеруі бар оқушылар;
-бастауыш сыныптағы тілдік кедергілері бар оқушылар.

Оқушылармен жұмыс барысында қажетіне қарай ата-аналар шақыртылып, ұсыныстар беріледі, консультация жүргізіледі.

Директор: Д.Асанова
Педагог-психолог Ескараева Н.

Жалпы оқыту қоры есебінен ыстық тамақты ұйымдастыру

Мектептің қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №1 отырысының шешімін негізге ала отырып, тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына «Міндетті білім қорынан» қарастырылған қаржыға 478 оқушыға тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітілді. Әкімшілік пен мұғалімдердің айрықша бақылауымен тегін тамақтануға құқығы бар аз қамтылған отбасылардың балалары тамақтандырылады. Бір реттік ыстық тамақ құны 6-10 жас 573,92 11-14 жас 646,54 15-18 жас 733,86 теңгені құрайды. Тамақтану үшін сабақ арасындағы үзілістер ұйымдастырылған. Мектепте оқушылардың уақытылы және сапалы тамақтандырылуы мәселелерінің шешімін табу үшін оқушылардың тамақтану сапасын және ұйымдастырылуын бақылау комиссиясы құрылған.

Шешім:

1. Мектепте барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға барлық жағдай жасауын қадағалау.
2. Күн сайын жеткізілген өнімдердің, дайындалған тағамдардың сапасын тексеріп қадағалау.

Орындаған.
Турашев Д.Е

№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп-лицейіндегі бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында жүргізілген диагностиканың анықтамасы
2024-2025 оқу жылы

Сыныптар: 1а, ә, б, в, ж, з, г, д, е,
Әдістеме: Керн-Иерасик
І тапсырма: ер адамның суретін салу
ІІ тапсырма: сөздерді көшіріп жазу
ІІІ тапсырма: нүктелерді көшіріп салу
Мақсаты: оқушының мектепке бейімделуін анықтау
Диагностика жүргізген педагог-психологтар: Г.Мырзабекова, Н.Ескараева
Қатысқаны: 182

№	сынып %	барлығы	қатысқаны	тапсырма							өзін өзі бағалауы			
				I	II	III	жалпы ұпайы							
							жоғары	орта	ортадан төмен	төмен	жоғары	қалыпты	төмен	эгоцентризм
1	1 «А»	25	25	71	36	42	10	8	4	1		25		
	%		100	2,8	1,4	1,7	40	32	16	4		100		
2	1 «Ә»	21	19	52	37	28	8	6	5			16	3	
	%		90,5	2,7	1,9	1,4	42,1	31,5	26,3			84,2	15,8	
3	1 «Б»	25	23	60	29	31	15	5	3			23		
	%		92	2,6	1,2	1,3	2,8	1,3	1			100		
4	1 «В»	26	24	69	47	36	4	15	4	1		23	1	
	%		92,3	2,8	1,9	1,5	16,6	62,5	16,6	4,2		95,8	4,2	
5	1 «Г»	24	23	63	40	37	9	9	4	1		22	1	
	%		95,8	2,7	1,7	1,6	39,1	39,1	17,3	4,3		95,6	4,4	
6	1 «Д»	25	22	60	33	32	13	6	1	2		22		
	%		88	2,7	1,5	1,4	59	27,3	4,5	9		100		
7	1 «Е»	25	23	62	43	48	7	10	5	1		21	2	1
	%		92	2,6	1,9	2	29,1	41,6	20,8	4,2		87,6	8,3	4,1
8	1 «Ж»	24	24	54	37	36	18	2	2	2		23	1	
	%		100	2,3	1,5	1,5	75	8,3	8,3	8,3		95,8	4,2	
9	1 «З»	25	23	69	46	43	4	14	3	2		23		
	%		92	3	2	1,9	17,4	60,8	13	8,7		100		
	барлығы	220	206	560	348	333	88	75	31	10		198	8	1
	%		93,6	2,7	1,7	1,6	42,7	36,4	15,1	4,8		96,1	3,8	0,4

Қорытынды: бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне жүргізілген диагностиканың нәтижесінде жалпы оқушылардың мектепке бейімделулері жоғары 42,7%, орта 36,4%, өзін-өзі бағалаулары қалыпты 96,1% екені анықталды.

Ұсыныс: сынып жетекшілері мектепке бейімделулері және өзін-өзі бағалаулары төмен оқушыларға назар аудару.

Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінің №2 педагогикалық кеңесінің анықтамасы

«Оқуға құштар мектеп жоба аясындағы іс-шаралар» «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар.

Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және оқу құзіреттілігін дамыту;

Кітап оқу арқылы балалар танымы мен дүниетанымын кеңейту, өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту.

1. 1 қыркүйек -Білім күні «Мектеп-мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) . Салтанатты іс-шара ұйымдастыру /сынып сағаты/
2. «Балалар кітапханасы» бағдарламасы, кітаптар көрмесі тұрақты.
3. Ұсынылған 1770 атаудан тұратын отандық және әлемдік әдебиеттерге сұраныс беріп, қорды толықтыру
4. «Бір ел-бір кітап» республикалық акция аясында Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқу.
5. «Балалар кітапханасы» жобасы «Кітаптар айналымы» акциясы «Goworking» орталығында демалып кітап оқу.Кітап оқу акциясы жыл бойы.

Шешімі: «Оқуға құштар мектеп» жандандырылсын

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Асанова

Орындаған А.Омарова

2024-2025 оқу жылындағы 28.08.2024ж күні №1 педкеңесте тәрбие бойынша қарастырылған мәселелер бойынша

АНЫҚТАМА

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында биылғы жылы жаңа жоспар жасалып, тек қана тәрбие саласында ғана емес сонымен бірге бағдарламаның 6 құндылығын күнделікті сабақ жоспарына енгізу ұсынылған.білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйеліұйымдастырылады.бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны,сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама ҚР Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 30.07.2024жылғы №194 бұйрығымен бекітілген.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық,ар-ұждан,рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген,үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Сынып сағаттары мектеп бойынша әр дүйсенбі күні бірінші сабақ болады. Сынып сағатының 10 минутын әр сынып жетекші қауіпсіздік сағатына бөледі.

2.Алғашқы қоңырау

Алғашқы қоңырау іс-шарасы биыл демалыс күніне түсіп тұр. 1-ші сыныптың жетекшілері мен кезекшілікке келетін мұғалімдер үшін күзгі каникулдан 1 кун демалыс беріледі. Алғашқы қоңырау іс-шарасы 1.09.2024ж күні сағат 9.00-де мектеп ауласында өткізіледі.

3.Мектептің ішкі тәртіп ережесі

Мектептің ішкі тәртіп ережесі мектеп жарғысының негізінде әзірленді.Ішкі тәртібінде мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен оқушылардың құқықтары мен міндеттері айқындалып жазылған.

4. Педагогтар арасында кезекшілікті бекіту туралы. (Әр түрлі мәселелер)

согл.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мен мектепте тәртіп орнату мақсатында, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруда мектепте 2.09.2024ж күнінен бастап жыл соңына дейін мектеп мұғалімдерінен кезекшілік ұйымдастырылады.Таңертең I ауысым кезекшілік,түскі 13.30-дан бастап II ауысымның кезекшілігі басталады. Және әрбір мұғалім өзінің кезекшілігінде орнын тастап кетпеу міндеттеледі.

Шешім:

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары аясында жүйелі жұмыстар жүргізілсін. Күнделікті сабақ жоспарына кіріктіріліп,оқу орынбасарларының қадағалауында болсын.
2. Сынып сағатының алғашқы 10 минутында қауіпсіздік сабақтары өткізіліп сабақ жоспарларына кіріктірілсін,тәрбие орынбасраларының қадағалауында болсын.
3. Алғашқы қоңырау 1.09.2024ж мекеп ауласында өткізіліп 1-ші сыныптың жетекшілері мен кезекшілерге күзгі каникулда бір күн демалыс берілсін.
4. Мектеп мұғалімдерінен кезекшілік ұйымдастырылсын.
5. Мектептің ішкі тәртіп ережесі бекітілсін.
6. Сынып жетекші тарапынан оқушының формасы мен сабаққа кешікпей келуі қатаң бақылауға алынсын.

ДТЖЖО Д.Асанова

2024-2025 оқу жылындағы 28.08.2024ж күні №1 педкеңесте тәрбие бойынша қарастырылған мәселелер бойынша

АНЫҚТАМА

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы

2023-2024 оқу жылында жоспарға сай мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу жұмыстары мақсатқа сай атқарылды.2024 жылы жергілікті бюджет есебінен «Жалпыға бірдей міндетті білім қорының шығындары» бойынша Шымкент қаласы білім басқармасының ҚР Үкіметінің 64 қаулысы негізінде «Мектепке жол» акциясы бағдарламасы аясында **478** балаға **43,500** теңгеден **20,793000** тг қаржысы қаралып, қазіргі таңда есепшоттарына аударылды. Аталған көмек, ҚР Үкіметі 2008 ж 25 қаңтарындағы №64 қаулысына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ АӘК алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылармен жетім балаларға, ата- анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы балаларға берілді.

Жазғы маусымдағы балалар мен жасөспірімдердің қала сыртындағы демалысы

Биыл мемлекет тарапынан жартылай және тұл жетім, көп балалы, сондай ақ АӘК алатын отбасының балалары қала сыртындағы лагерьге демалды. Жазғы демалыс кезінде балаларды ата-аналардың өтініштеріне сәйкес қала сыртындағы лагерьге жіберу туралы жұмыстары басталды. Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Д.И.Менделеев атындағы 15 мектеп лицейінің 68 білім алушылары жазғы маусымдық демалысты қала сыртында орналасқан Қасқасу "Балауса 777" атты сауықтыру демалыс лагерінде демалып,- уақыттарын керемет өткізді. Балалардың жаз мезгіліндегі бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ұйымдастыру жұмыстары қолға алынды. Білім алушыларымыз жазғы сауықтыру лагерінде 10 күн бойына іс-шарада белсенділік танытып, балаларға дипломдар мен алғыс хаттар табысталды. Аталған лагерлердің барлық қызметкерлері мен әкімшілігінің керемет ұйымдастырылған іс-шараларының нәтижесінде балаларымыздың көңіл-күйі тамаша, ата-аналарының алғыстары шексіз.

Әртүрлі мәселелер сөзді

Жалпы оқу ұйымының қоры есебінен ыстық тамақтандыру

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты басшылыққа ала отырып, мектепте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайына байланысты жекелеген санаттары бойынша бөлінеді.Жоспарлы түрде оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Мектеп асханасында азық-түліктердің сапасын және ас мәзірінің дәмдік сапасын қадағалау мақсатында ата-аналар комитеті өкілдерінің, мектеп әкімшілігінің, медицина қызметкерінің және басқа адамдардың қатысуымен тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылады.

Қаулы етеді:

1. ҚР Үкіметінің 64 қаулысы негізінде «Мектепке жол» акциясы бағдарламасы аясында бөлінген қаражаттың есебін беру.
2. Жоспарлы түрде оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуін қадағалансын.

ДТТОЖО Д.Турашева

Анықтама

№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп-лицейінде 29.08.2024ж.күні өткізілген №1 педагогикалық кеңесте «Еңбекті қорғау және техника қаипсіздік ережелерін сақтау» туралы нұсқаулықпен Д.И.менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінің ұжымы толық таныстырылып, түсіндірме жұмыстарын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Оразбаева жүргізді.

Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру бойынша бұйрықпен таныстырылды және психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы туралы педагог-психолог Н.Есқараева, педагог-социолог А.Сүлейменова.

Орындаған: А.Оразбаева

Кобишева

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1,2-қосымшасы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығына 1,2-қосымшасы негізінде 3-ші сыныптарда жаратылыстану пәні 2 сағаттан 1 сағатқа қысқарып, көркем еңбек пәнінің 1 сағаты қысқарып, еңбекке баулу мен бейнелеу өнері пәніне 1 сағаттан қосылды.

АНЫҚТАМА

2024-2025 оқу жылында BilimClass электронды журналын пайдалану

2024-2025 оқу жылында BilimClass электронды журналын қолдану және оқу процессі кезінде күнделікті пайдалу тақырыбында мұғалімдерге онлайн және оффлайн семинар өткізілді. Семинар барысында платформаның ыңғайлы тұстары туралы және ыңғайсыз тұстарын айтып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаңа платформа болғаннан соң мұғалімдердің тарапынан көптеген сұрақтар туындады, бірақ семинар барысында барлық сұрақтарына жауап алды.

ДОЖЖО Я.Муратов

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесінде қаралатын ББЖМ қорытындысы бойынша анықтама

Жалпы биылғы оқу жылында Д.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінен 84 білім алушы ББЖМ-ге қатысты. 4-сыныптан 42 бала, 9-сыныптан 42 бала. Тек 4 Г сыныбының оқушысы Петасюк Фёдор спорттық жарыстарға қатысуына байланысты ББЖМ-нен босатылды.

4-сыныптарда

Математика - 511

Жаратылыстану – 570

Оқу сауаттылығы (орыс тілінде) – 663

Оқу сауаттылығы – 601

9-сыныптарда

Математика – 511

Физика – 371

География – 517

Химия – 529

Биология – 489

Естествознание – 477

Оқу сауаттылығы (орыс тілінде) - 660

Оқу сауаттылығы (қазақ тілінде) – 501.

Бағалау шкаласы ҚР БҒМ-нен берілген жоқ. Бағалау шкаласы ШҚББ берген жағдайда нәтиже жалпы чатқа жіберіледі.

Орындаған: ДОЖЖО м.у.а. Л.Дартаева

Әртүрлі сөзі,

Ә) 2024-2025 оқу жылының сабақ кестесін, қоңырау кестесін бекіту туралы

2024-2025 оқу жылының сабақ кестесі таныстырылды. Мектеп-лицейінің лицей сағаттары Қамқоршылық кеңесте қаралып,0-інші сабақтарға қойылатындығы ескертілді.

Қоңырау кестесі Қамқоршылық кеңесте қаралып ,төмендегідей бекітілетіндігін ескертті

I АУЫСЫМ			II АУЫСЫМ		
I	8.00-08.45	8.00-08.45	I	14.00-14.35	14.00-14.45
II	8.50-09.25	8.50-09.35	II	14.40-15.25	14.50-15.35
III	9.30-10.05	09.40-10.25	III	15.30-16.05	15.40-16.25
IV	10.15-10.50	10.35-11.20	IV	16.15-16.50	16.30-17.20
V	10.55-11.30	11.25-12.10	V	16.55-17.30	17.25-18.10
VI	11.35-12.10	12.15-13.00	VI	17.35-18.10	18.15-19.00
VII	12.15-12:50	13.05-13:50	VII	18.15-18.50	
VIII	12 :55-13:30	13 :55-14:40	VIII		

Орындаған ДОЖЖО
Л.Дартаева
Ж.Жабишева
Д.Турашева

Д.И.Менделев атындағы №15 мектеп-лицейінің №1 педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелердің анықтамасы

а) 2024-2025 оқу жылының мектепішілік даму жоспар жұмысымен таныстыру,бекіту
Мектеп-лицейінің 2024-2025 оқу жылына арналған ҚР БҒМ 2020 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес мектепішілік бақылау жоспары жасақталды.
Мектепішілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады

1.Нормативтік құжаттардың орындалуын мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2.Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру ;
4.Оқу зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай –күйін бақылау;
6.Тәрбие процесінің сапасын ,іс-шараларды өткізуді бақылау;

Жыл бойында жүргізілетін жұмыс түрлері:

-Барлық пәндер бойынша оқушылардан (кіріс, аралық, әкімшілік, қорытынды) бақылау жұмыстарын алу
- Әдістемелік бірлестік мұғалімдері оқушылардың білім сапасын арттыру жоспарын құру
- Ғылыми жоба (оқушылар, мұғалімдер) жұмыстарын нығайту
- Мұғалімдерді түрлі біліктілік арттыру курстарына қатыстыру
- Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құру
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру
- Кәсіби бағдарлау жоспарын құру
-Мектеп үйірме жұмыстарын жүргізу
-5-8,10 сыныптар (орыс ,қазақ)бойынша қазақ тілі мен әдебиетінен қорытынды емтихан
- Пәндер декадасы жоспарын құру
- Түрлі қызықты тақырыптарда коучингтар ұйымдастыру
- Оқушыларды психологиялық қолдау
- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың жұмыс жоспарын құру

Шешімі: Мектепішілік бақылау жоспары 2024-2025 оқу жылының бекітілсін.

ә) Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі.
Мектеп-лицей педагогтарына күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының,қысқа мерзімнің жоспар үлгілерін ҚР БҒМ 2020 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жасақтау жолдарымен таныстырып,қысқа мерзімді жоспарға тәрбие бағыты бойынша құндылықтарды ендіруді түсіндіру.Мектеп-лицей педагогтары КТП ,ҚМЖ жоспарларын қағаз үлгіге шығаруы керектігін түсіндіру

Шешімі: Күнтізбелік-тақырыптық жоспары, қысқа мерзімнің жоспар үлгілерін ҚР БҒМ 2020 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жасақталсын

б) Педагогикалық кеңес , әдістемелік кеңес қызметінің құрамын бекіту
Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығының негізінде мектепішілік әдеп кеңесі қайта бекітілу ұсынылды.

Х.Исламова -зейнеткер ұстаз,кеңес төрайымы;
Н.Ж.Жұзбаева- білім саласының еңбек ардагері, қоғам қайраткері(келісіммен);
Қ.М.Еспенбетова-білім саласының еңбек ардагері(келісіммен);
Ж.Құздеубаев- білім саласының еңбек ардагері,қоғам қайраткері(келісіммен);

Г.С.Тәліпбаева –Шымкент қаласының білім басқармасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері(келісіммен);

Ж.О.Жабишева- кәсіподақ ұйымының төрайымы (келісіммен);

Г.Жиенбекова- зейнеткер ұстаз (келісіммен);

Б.Уразбаева-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалі;

Д.Д.Курбенова – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

Әдеп кеңес отырысының хатшысы болып қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі А Досайбек тағайындалуды ұсынды.

Шешімі: Педагогикалық әдеп құрамы бекітілсін

в) Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары ҚР БҒМ 27.01.2016ж №83 бұйрығы (педагогикалық кадларды аттестаттау комиссиясын,сараптамалық кеңестің құрамын бекіту)

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңына сәйкес, ҚР БҒМ 27.01.2016 жылғы №83 бұйрығы таныстырылды.

Аттестациялау жөніндегі комиссия мүшелерін бекіту ұсынылды.

Ж.Е.Саржанова-мектеп-лицей директоры,аттестация комиссиясының төрайымы;

А.Тунгатаева-директордың бейін бойынша оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары, аттестация комиссиясының төрайымының орынбасары;

Т.Алимбекова-қазақ тілі және әдебиеті пін мұғалімі, хатшы;

Педагогикалық кеңес мүшелері, әдістемелік бірлестік жетекшілері;

Мещерякова С.А - орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Мустапаева А.Ж–физика-информатика пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Жиенбекова Ғ.Ж- көркем еңбек және музыка пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Уразбаева Б.С-қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Ишанова М.М-математика пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Сандыбаева Г.Ж-тарих-география пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Калыбекова Р.А-бастауыш сынып пәндерінің ӘБ жетекшісі;

Турекулова Д.М,Зиновьева Л.Е- сынып жетекшілердің ӘБ жетекшісі;

Ж.Жабишева-директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, кәсіподақ ұйымының төрайымы;

Аттестаттау комиссия шешімін хаттамалау, құжаттарды жүйелікке келтіру, педагог қызметкерлерді аттестация ережесімен таныстыру, кезең бойынша біліктілік тестілеуге қатысыру, педагогтердің қызметінің нәтижелерін жинақтауды директордың бейін бойынша оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары А.Тунгатаева, қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімі, хатшы Т.Алимбековаға міндеттелетіндігі ескертілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы негізінде мектепішілік сараптама кеңес мүшелерін бекіту ұсынылды.

1. Тунгатаева А.У – ДББОЖЖО,қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, сараптама кеңес мүшесінің төрайымы;
2. Ержигитова Ж.У-математика пәнінің мұғалімі:
3. Курбенова Д.Д- Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
4. Егеубаева Г.Ш-бастауыш сынып мұғалімі;
5. Балабекова Г.Т-физика пәнінің мұғалімі;
6. Шаймерденова А.А-тарих пәнінің мұғалімі;

7. Исабекова Г.К – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Шешімі: Аттестаттау комиссия құрамы,сараптамалық кеңес құрамы бекітілсін.

г) Педагог мәртебесі және педагогикалық әдеппен таныстыру (Әдеп кеңес қызметінің құрамын бекіту)

Мектеп-лицей педагогтарына педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы және педагог мәртебесі туралы заңдар таныстырылды.

д) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары

2024-2025 оқу жылында мектеп-лицейіне жаңадан қызметке тағайындалған педагогтарға тәлімгерлік тағайындау таныстырылды. Педагогтарға № 160 бұйрығы таныстырылды.

Шешімі: Жас педагогтерге тәлімгерлік бекітілсін.

е) Мектепішілік шығармашылық топ, жас ғалым мүшелерінің құрамын бекіту

Мектеп-лицейінің 2024-2025 оқу жылында Шығармашылық топтар, Жас ғалым жобасы іске асатыны ескертілді.

Мектепте педагог-шебер,педагог-зерттеуші санатындағы , деңгейлі бағдарламалары аясында курстан өткен қызметкерлер құрамынан шығармашылылық топтар құрылуын ұсынды

а).Гуманитарлық бағыт:А.Тунгатаева, Д.Асанова, Г.Исабекова, Л.Сары Г.Турдалиева, А.Нуриева

ә).Жаратылыстану-математикалық бағытта: Е.Ищанва, Ж.Танкеева, Б.Төлеген, Г.Балабекова, М.Қалиев, Ю.Судьенкова, О.Орлова-Зинкина, Н.Изтаева

б).Бастауыш сыныптар бойынша: С.Курбанова, Г.Егеубаева , С.Тимофеева, К.Романюк

Шығармашылық топ жұмыстарын дер кезінде басылымдарға шығару мектеп кітапханашысы А.Омароваға , авторлық бағдарламаларды жариялау, тарату, озық тәжірибелі мұғалімдердің құжаттарын жинақтау топ гуманитарлық,жаратылыстану топ жетекшілеріне міндеттелетіні ескертілді

